

Қалалық мәслихаттың 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 16/130 "Балқаш қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 35/284 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 қаңтарда № 5659 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 19/143 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 21.12.2022 № 19/143 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексіне сәйкес, қалалық мәслихат ШЕШТІ:

1. Қалалық мәслихаттың 2017 жылғы 21 желтоқсандағы №16/130 "Балқаш қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4547 болып тіркелген, 2018 жылғы 17 қаңтардағы №6 "Балқаш өңірі", 2018 жылғы 17 қаңтардағы №5-6 "Северное Прибалхашье" газеттерінде, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкісінде 2018 жылғы 19 қаңтарда жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

С. Пшенбаев

К. Тейлянов

Қалалық мәслихаттың 2019
жылғы 25 желтоқсандағы
№35/284 шешіміне
қосымша

Қалалық мәслихаттың 2017
жылғы 21 желтоқсандағы
№16/130 шешіміне
қосымша

Балқаш қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылына 1 есептік бірлікке коммуналдық қалдықтардың жинақталу нормасы, м ³
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,46
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,54
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,72
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,04
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,53
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,95
6	Емханалар	1 келіп кету	0,023
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек -орын	1,69
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,34
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,99
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,17
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м ²	0,010
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,005
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м ²	0,09
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м ²	0,66
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м ²	0,23
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м ²	0,64

17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1м ²	0,33
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1м ²	0,42
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңы 1м ²	0,13
20	Жағажайлар	жалпы алаңы 1м ²	0,04
21	Дәріханалар	сауда алаңы 1м ²	0,41
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автожанармай құю станциялары, гараждар	1 машина-орын	1,66
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,00
24	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,45
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,45
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1м ²	0,40
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1м ²	0,98
28	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,95
29	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1м ²	0,65
30	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,03
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	1,96

Ескертпе:

м³ – текше метр

м² – шаршы метр